

2021-2022 оқу жылындағы №37 орта мектебінің психологының жылдық жүргізген жұмыстары.

Психологиялық қызмет төмендегі бағыттар бойынша жұмыс істейді.

1. Психологиялық диагностика.
2. Психопрофилактика.
3. Түзету, дамыту жұмыстары.
4. Психологиялық кеңес беру.
5. Әлеуметтік –диспетчерлік бағыты
6. Ұйымдастыру -әдістемелік бағыты

Осы аталған жұмыстарды атқару үшін психологиялық қызмет өз кезеңінде оқушылармен жұмыс барысында төмендегідей әдістемелерді қолданып келеді.

Зерттеу нәтижелері:

Психодиагностикалық әдістер: 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңінде ең бірінші мектепке даярлық деңгейін айқындау мақсатында А.Керна Я. Йирасек әдістемесі алынып нәтижелері төмендегідей көрсеткішті көрсетеді:

Керн – Йирасек тестісі бойынша 1 класс оқушыларынан 47 оқушы қатысып, оның 44 пайызы жоғары 28 пайызы орташа 28 пайызы төменгі көрсеткішті көрсетті.

Мектепте маған не ұнайды проективті тесті бойынша 47 оқушы қатысып оның 75% жоғары, 25 % орташа деңгейді көрсетті.

Ұжымға үйренбеген және оқуға құмарлығы төмен оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді. «Танысу», «Сабақ және үзіліс», «Мектепке саяхат» т.б. жаттығулар өткізіліп, «Мен және менің жанұям» т.б. жобалау әдістемелері алынды.

5 және 10 класс оқушыларының «Ұжымдағы коммуникативтік адаптациясы» бойынша: (коммуникативтік сапасы)

№	классы	Барлық оқушы саны	жоғары	орташа	төмен
1	5 «а»	қатысқаны 24	40%	55%	4%
2	5 «ә»	қатысқаны 25	42%	50%	8%
3	10 «ә»	қатысқаны 17	66%	30%	4%
4	10 «а»	қатысқаны 16	26%	70%	4%

Бұл оқушылармен және класс жетекшілерімен біріге отырып, пікірлесу, психологиялық тренинг жаттығулары, кеңес беру жұмыстары қапшықтықтан оқытуға байланысты әлеуметтік желі арқылы жүргізілді.

11- класс оқушыларынан «Қызығушылық картасы» А.Е.Голомштин әдістемесі алынды. 11 «а» класы – 20 оқушы , 11 «ә» класы – 18 оқушы қатысып, Қызығушылығы айқын 64 %, Қызығушылығы айқын емес 36% көрсеткішті көрсетті.

Сонымен қатар мамандық таңдауға бағыттылығын анықтау мақсатында «Жекелеп диагностикалау» сауалнамасы Е.А.Климов әдістемесі алынды. Мұндағы Мақсат жеке тұлғаның кәсіптік – бағдарлық бағыттылығын анықтау.

Адам - табиғат	Адам - техника	Адам - адам	Белгілеу жүйесі	Көркем бейне
Орынбасар Д	Пстанкүл А	Самғатұлы А	Әбіш Қ	Еримбетова Д
Аймағамбет С	Тұрғын А	Жұмабаев Д	Саматов А	Булат Д
Шайқыбаев Н	Айтуганова А	Жақсыбек М		Әкімғали Қ
	Достанов А			
	Сайлау С			
3	5	3	2	3
II ә класс				
Сарсенбай Д	Нәби А	Тажекенова А	Даулетбай Н	Омарова А
Рахметжанов Д	Канапиева А	Каласова Н	Мырзабай Т	
	Даулетов А	Абдыкалыков Ш	Жылқаманова Ж	
	Октябрь Ә		Орынтай Б	
			Жетпісов а	
			Қайыржанұлы Б	
2	4	3	6	1

Қорытындысы оқушыларға таныстырылу арқылы ой бөлісу жұмыстары жүргізілді.

1. «Адам - табиғат» бұл бағыттағы адамдар еңбегі тірі ағзамен, өсімдікпен, жануарлар және биологиялық процеспен өте тығыз байланысты. Бұған агроном, зоотехник, ветеринар, бағбан, орманшы сияқты мамандықтар енеді.

2. «Адам - техника» бұл техникалық жүйемен өте тығыз байланысты, оның ішінде машина, аппараттар және құрылымдар, материалдар және энергия. Бұған радио механик, токарь, слесарь, шофер, инженер мамандықтары енеді.

3. «Адам - адам» бұнда еңбек объектісі адамдар болып табылады (топтар, ұжымдар). Мамандықтар – қызмет көрсету саласы, медицина, педагогика, юриспруденция.

4. «Адам – белгілеу жүйесі» мұнда еңбек объектісі белгілер, кодтар, кестелер т.б. Бұл аймақта корректорлар, статистиктер, экономисттер жұмыс жасайды.

5. «Адам – көркем бейне» негізгі объекті «көркем бейне». Бұған ювелир, фотограф, музыкант, художник, жазушы, артист, өнер таратушы деңгейді құрайды.

«Жеке тұлғаның типтік ерекшелігі» Дж. Голланд әдістемесінің негізгі мақсаты жеке тұлғаның мінез – құлықтық типін анықтау.

11 а класс					
Жукен М	Тұрғын А	Самғатұлы А	Пстанқұл А	Әбіш Қ	Бұлат Д
	Орынбасар Д	Айтуғанова А	Ерымбетова	Аймағамбет	Сайлау С
	Ратов М	Әкімғали Қ	Жақсыбек	Бейіс Н	
	Саматов А	Жұмабаев Ә		Достанов А	
				Шайқыбаев Н	
1	4	4	3	5	2
11 ә класс					
Сарсенбай Д	Жылқаманова	Омарова А	Қайыржанұлы	Жетпісов А	Каласова Н
	Тажекенова А		Абдыкаликов	Даулетбай Н	Орынтай Б
				Мырзабай Т	
				Рахметжанов	
				Октябрь Ә	
1	2	1	2	5	2

Қорытындысы оқушыларға, пән мұғалімдеріне таныстырылып, бір-бірінің сәйкестіктерін анықтау мақсатында ой бөлісу жұмыстары жүргізілді.

1. **Реалистік тип.** «Ер адам» типі. Эмоциялық тұрақтылығы жоғары, заманына қарай бейімделе біледі. Нақты объектіні ұнатып, сонымен шұғылданғанды дұрыс көреді. Ептілікті талап ететін, үнемі қозғалыста болатын кәсіппен айналысқанды жөн деп есептейді. Міндеті нақты бір кәсіпті: механик, жүргізуші, инженер, агроном т.б. мамандықтарды ұнатады. Моторлық қабілеті мол, ауызша сөзді көп талап етпейтін жұмыстар жанына жақын. Физика, экономика, кибернетика, химия, спорт сияқты салаларда табысқа жетуіне мүмкіндігі мол.

2. **Интеллектуалдық тип.** Талдамалық ақыл – ойы бар, пайымдауы тәуелсіз, теориялық, эстетикалық құндылығы көбірек. Интеллектуалдық шығармашылық міндеттерді шешуге бейім. Ғылыми тұрғыдағы мамандықты таңдайды. Интеллектуалдық құрылымы үйлесімді: ауызша, ауызша емес қабілеті бірдей дамыған. Белсенді, ал қызметте қарым – қатынасқа көп жоқ, әңгімеде ақпарат тасымалдаушы деуге болады. Қызметтің мына түрлерін ұнатады: математика, география, геология, шығармашылық кәсіптер.

3. **Әлеуметтік тип.** Айрықша әлеуметтік ептілігі бар (қарым – қатынасты жақсы көреді, басшылыққа ұмтылу, әлеуметтік байланыстарға бейім). Айналасындағыларға тәуелсіз, жағдайға тез бейімделгіш, сезімтал. Ауызша сөз, тілге бай, қабілетті. Жанындағыларға ақыл айтқыш, жаны ашып, аяушылық білдіріп тұрады. Ұнататын қызмет салалары: психология, медицина, педагогика.

4. **Конвенциялық тип.** Құрылымдық қызметке бейім, нұсқау бойынша істейді, қатаң белгіленген нұсқаумен жұмыс атқаруды ұнатады, нақты сандық ақпаратты өңдеп, ұқсатуға әуес. Мінез ерекшелігі: керітартпа, бағыныштылық, тәуелділік, салт – сананы сақтағыш. Ұйымдастырушылық, басшылық қабілеті аз. Ауыз сөзге жоқ (есепке, есептеуге жақын). Ұнататын мамандықтары: бухгалтер, финансист, тауартанушы, экономист, іс – жүргізуші, кеңсе қызметкері т.б.

5. **Тапқыр тип.** Белсенділік, қызбалықты, құлшынысты, ынта – жігерді талап ететін міндеттер мен мақсатты таңдайды. Мінез ерекшеліктері: басшылық етуді, нұсқау беруді, тапқырлықты ұнатады, қадірлегенді, күш көрсеткенді жақсы көреді. Еңбек қиындығын, моторлық дағдыны ұнатпайды. Мұндай мінез ерекшеліктері дипломат, репортер, менеджер, директор, делдалға лайықты т.б.

6. **Артистік тип.** Адаммен қарым – қатынаста өз қиял – сезіміне сенеді, сүйенеді. Өмірге сезімталдықпен қарайды. Мінез ерекшелігі: шешім қабылдауға тәуелсіз, икемді, өзін ерекшелеп көрсететін қасиеті мол. Қалыпты ереже, дәстүрмен жүрмейді. Шығармашылық кәсіпті ұнатады: музыка, сурет салу, гуманитарлық саладағы қызметке бейім. Қабылдау, түсіну, ұғыну қабілеті мол. Бұл типтегі адамдар тарих, филология, өнер жағын ұнатады.


Жоспарланған жұмыстар өз кезегімен өтті. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы байқалды. Тренингтер оқушыларға жағымды әсер қалдырады. «Мен таңдаған мамандық», «Емтихан», «Болашақ чемпиондар», «Мен сенемін, жетістікке жетемін», «ҰБТ психологиялық дайындық», «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де талап қыл» тақырыптағы тренингтерінде оқушылар өз ойларын ашық айтты, және олар өзара қызу талқыға түсті. Жұмыс соңында оқушыларға бір-бірінің ойы мен пікіріне сыйластық таныту; Армандау арқылы нақтылай мақсат қою керек жөнінде ұсыныстар айтылды.

Жұмыс барысында төмендегідей кемшіліктер кездесті:

- Оқушылардың таңдау пәндеріндегі тұрақсыздықтары;
- Берілген сауалнамалар немесе тестерге толық жауаптар берілмейтіндігі


Осы кемшіліктерді ескере отырып, алдағы 2022-2023 оқу жылында төмендегідей міндеттер қойылды:

- Ата-аналармен, сынып жетекшілермен тығыз байланыста болу;
- Қорытынды аттестаттауға психологиялық қолдау іс шараларына ата-аналарды да қатыстыру;
- Биылғы оқу жылында 4 – класта үш класс комплектісі бар. Бұл кластарда оқушы саны 4а класында -25 оқушы 13-қыз бала,12-ер бала, ал, 4 ә класында – 23 оқушы оның 14- қыз бала, 9-ер бала. 4 б класында – 24 оқушы 15- қыз бала, 9 ер бала
- Үш класты салыстыру үшін: зейін, логикалық ойлауы, түрлі психологиялық тренингтер, мінез ерекшеліктерін анықтайтын және кластағы лидерді анықтайтын сауалнамалар, өзін-өзі бағалауы бойынша тесттер мен отбасы қарым-қатынас деңгейі анықталды.
- **Диагностика: Аналогия (Түсініктер қатынасын талдау)**
- **Мақсаты:** орта буынға көшетін бастауыш түлектерінің дайындық деңгейін анықтауда маңызды белгілерін диагностикалау. Бұл әдістеме оқушылардың түсініктер мен олардың арасындағы байланысты анықтау қабілетін зерттеуге арналған;
- 4 ә класындағы жоғары көрсеткіш көрсетіп отырған Қашқылдық Айару мен Абдуллина Ботакөзді атап өтуге болады.




- **Диагностика: Нақтылау (Маңыздылығын бөліп көрсете білуі)**
- **Мақсаты:** орта буынға көшетін бастауыш түлектерінің дайындық деңгейін анықтауда маңызды белгілерін диагностикалау.


- 4 а класында жоғары көрсеткіш көрсетіп отырған Ахбердиева Назым, Арыс Байқұт, Жұбанышев Санжар, Талас Айша, амангелдіқызы Ижина, 4 б класынан Исмагулов Әлішерді атап өтуге болады.



- Социометрия әдістемесі бойынша сауалнама алынды.
- **МАҚСАТЫ:** Оқушылардың сынып арасындағы ахуалын, бір-біріне қарым-қатынасын, лидерлермен оқшау қалған оқушыларды анықтап жұмыс жасау.
- 4а класының қорытындысы бойынша Класта : Лидер – Айберді Мейірлан, Жабағы Бекет, Ең көп таңдалған – Нұрмұхамбет Аяжан, Ахбердиева Назым, Жұмағалиев Димаш, Амантай Раяна, талас Айша, Ажмуханова Сабина; Ошауланған – Арыс Байқұт, Достанова Гүлім, Абдурахман, Мирас, Абдумансур;
- 4 ә класы бойынша Лидер – Қашкылдық Айару, кашкылдық Аяғөз, Қайдагулова аружан, Көп таңдалған – нұрдаулет, аманбаева Аяжан. Рахметалина Альмира, Абдуллина Ботагөз, Көбейсінова Медина; Оқшау қалған – Бисенғалия Айя, Хисамедин, Досов Зікірулла, Толыбаева Гүлгүл, Даулетжан Мансур.
- 4б класының қорытындысы бойынша Лидер- Жанабекова Саида, Төрешова Ясмин; көп таңдалған – Елеуов Айбек, Шамшадинова Альбина; Оқшауланған – Дүйсенғали Әмина, Жақсылық Әдемі, Жібек.
- Өзін-өзі бағалау кезінде 4 ә және 4 б класс оқушылары ішінде өзін тым аса жоғары бағалайтын балалар бар екендігі анықталды.
- 4 а класс оқушылары қалыпты жағдай деп ескеруге болады, дешгенмен де Айберді Мейірлан, Жұбанышев Санжар, Мирас деген оқушылар өздерін төмен бағалауда көрсеткен, 4 б класы бойынша төмен көрсеткішті көрсеткен Жібек деген оқушы
- Еске сақтау түрлері бойынша Көріп еске сақтау, сандық еске сақтау және маторлы дыбыстық еске сақтау түрлері алында.
- 4 а класында маторлы еске сақтауы күшті дамыған. Көріп еске сақтауы бойынша Мирас және тынышбаев Әмір, Қощаннова Аяулым мен Ажмуханова Сабина төменгі нәтижені көрсетіп отыр.
- 4 ә класы бойынша да маторлы еске сақтауы күшті, көріп еске сақтау түрлері бойынша төменгі нәтижені көрсетіп отыр. Сандық еске сақтау бойынша Аманбаева Аяжан мен Бисенғали Айя төменгі көрсеткішті көрсетіп отыр.
- 4 б класс бойынша да, маторлы дыбыс еске сақтауы жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Көріп және сандарды еске сақтау қабілеті де жоғары көрсеткіште көрсетіп отыр.
- Көріп еске сақтауы бойынша Марат Іңкәрдің, еске сақтаудың барлық түрі бойынша да Насырқызы Әминаның төмен көрсеткіші анықталып отыр.
- «Кактус» әдістемесі бойынша проективтік тест алынды. **Мақсаты:** Жек өзінің ерекшеліктерін, жағымды және жағымсыз мінез бітістерін тану.



Менің отбасым әдістемесінің мақсаты оқушы көзімен отбасындағы қарым-қатынасты анықтау болатын.



4а класы бойынша Мирас, 4 ә класс бойынша Толыбаева Гүлгүл, Артықалнев Хисамеддин, Қайдагулова Аружан толық емес отбасы бола тұра толық отбасы суретін салған. Оқушы ата-әжесін де суретке бейнелеген. Класс жетекшісінің сөзімен олар осы уақытқа дейін бірге араласып тұратындығын жеткізді.

Оқу жылы басында тәуекел топ оқушыларына арналған жылдық жоспар құрылды. Оның негізгі мақсаты оқушылардың жеке ерекшеліктерін, аймақтық, учаскелік инспекторлармен тығыз қызметтестік орната отырып, кері әсерін тигізетін бейімділіктермен күресу. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін, темпераментін, ауытқушылық себептерін диагностикалай отырып, әлеуметтік белсенділіктерін дамыту және психопрофилактикалық жұмыстарды ұйымдастыруға бағытталды. 2021-2022 оқу жылында тәуекел тобында ешқандай оқушы болмады. Дегенмен 2021 жылдың 21-26 қазан айы аралығында 8-11 класс оқушыларының депрессиялық деңгейін анықтау мақсатында DASS сауалнамасы алынған. Осы сауалнаманы толтыру барысында мазасыздық танытып, ерекшеліп көзге түскен оқушылармен мектеп психологы жеке кеңес жүргізу нәтижесінде

Мектепшілік бақылауға – 5 оқушы

Ратов Манарбек 11 а

Абатқызы Касандра 10 ә

Әлмұрат Диана 8 а

Тілеубай Нұрайым 8 ә

Кинадинова Гульнур 8 а алынды.

Мектепшілік есепте –1 оқушы

Лебедев Максим – 5 а

Мектеп психологының жыл басындағы тәуекел тобындағы оқушылармен атқарылатын жоспары құрылып мектепшілікбақылауда тұрған қиын және құқықбұзуға бейім оқушылар тізімін класс жетекшілермен бірлесіп жинақтау және оқушылар туралы мәлімет жинақтап, олармен жұмыс жасау жоспарын ұйымдастыру, картотекаларын толтыру жұмыстары жүргізілді. Бейімделуі нашар, оқшауланған оқушылармен, сұхбаттасу, кеңес беру арқылы түзету жұмыстарын жүргізілді. «Кез – келген қиындықтың астында үлкен мүмкіндіктер бар!», «Зиянды заттармен күрес»

тақырыбында түсіндірме жұмыстары, «Сіз қорғалуға құқылысыз», “Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің, ерте жүткіліктің, оларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу” тақырыптарында кеңес беру профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар бақылау тобындағы оқушыларды басқа оқушылардан бөлмеу мақсатында Қыз балалармен және ер балалармен жүргізілетін профилактикалық жұмыс, яғни кәмелетке толмаған оқушыға қатысты

зорлық – зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу бойынша жұмыс жоспары бойынша атқарылған іс-шараларға осы оқушылардың міндетті қатысымын бақылау болды.

Қазан айында «Әдеп ең қымбат мирас» ер балалармен профилактикалық жұмыс және «Қыз бала гигиенасы» тақырыбында қыз балалармен профилактикалық жұмыс жүргізілді. №3 ҚЕ акушер гинеколог дәрігері Телекусова Әлия Умирзаковна қыз балалардың қойылған сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар «Буллинг, кибербуллинг» Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту сабақтары жүргізілді.

Қараша айында «Әлеуметтік желідегі сауаттылықты сақтайық» «Талғам мен тәрбие», «Намысты қазақ жігіті» ер балалармен профилактикалық жұмыс жүргізілді.

«Зорлық – зомбылыққа жол берме!», «Зорлық зомбылықсыз 16-күн» акциясы негізінде өткен ер балалармен профилактикалық жұмыс жүргізілді. Мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары А.Амантурлиева және мектеп инспекторы А.Муханбетказинаның қатысымымен «Құқық бұзушылықты алдын-алу» (ұрлық, кибербуллинг, буллинг, зорлық-зомбылық) тақырыбында профилактикалық жұмыстар жүргізілді;

Желтоқсан айында «Өз құқығыңды қорғай біл!» дәріс-презентация «Зорлық зомбылықсыз 16-күн» акциясы негізінде өткен профилактикалық сағат жүргізілді. Мектеп инспекторы А.Муханбетказина оқушылардың тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. "Өмірдің ғажайып түстері" Келеңсіздіктерді алдын-алу мақсатында ұйымдастырылған, өмірге деген көзқарастары, өмірді сүйуге, бағалауға тәрбиелеу сағаттары жүргізілді.

"Мен таңдаған сара жол", «Мен өмірді бағалаймын» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен жалпы психологиялық сағаттар жүргізілді. Мұнда көбінесе бақылауду тобындағы оқушылардың сабаққа қатысым бақыланады.

Наурыз айында «Қызым Қызғалдағым», «Виртуалды әлемдегі менің бейсанам», «Қазақ қызысың, Жібек, Баян ізісің!» қыз балалармен профилактикалық жұмыс жүргізілді. Қоғамдағы қыз бала құндылықтарының маңызын талқылау, отбасының ұлттық рухының отбасынан басталатынын дәлелдеу, рухани-моральдық құндылықтарымыздың ата-анадан, туған-туыстан алатынын, құндылықтардың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастынын және қайнар көзі екеніне түсінік беру. Дөңгелек үстелге мектеп директоры К.К.Абуова, жазушылар одағының мүшесі, ақын, сазгер, аудармашы Г.Т.Аймаханова, ардагер ұстаз У.К.Нагимова, Ақтөбе қаласы Астана ауданының бөлім прокуроры М.А.Курманалина, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Амантурлиева қатысым жасады;

Сәуір айында «Құқық бұзушылықты алдын-алу», «АИТВ жұқпасы және житсе ауруы» Облыстық ЖИТС орталығынан дәрігер эпидемиолог дәрігерлері Құралова А.Ж. , Матаева М.К қатысып оқушыларға қатерлі АИТВ/ЖИТС дертінің алдын-алу, оның жұғу жолдарын одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Махаббат өмір көркі» 15-сәуір «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ғашықтар күніне арналған пікірталас ұйымдастырылып, бақылау тобындағы оқушылардың жауаптары назарға алынып отырды.

Кешкі мезгілде көшеде жүрмеуін бақылау мақсатында ұйымдастырылған «Кешкі рейд» шараларында, оқушылардың көп жиналатын ойын-сауық орталықтарында, компьютерлік клубтарды және саябақтарда тексеру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар каникул уақытында мектепшілік есепте тұрған оқушылармен оқушылармен үнемі байланыста болу класс жетекшілер мен мектеп психологтарына жүктелсін.

Оқу жылының басында «Дарынды оқушылармен» жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, класс жетекшілермен және пән мұғалімдерімен бірлесе отырып дарынды топ оқушыларының тізімін жасақтадық және де аталған оқушылардан сауалнама алып, олардың қызығушылықтары бойынша жүйелеу жұмыстары жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында дарынды оқушылардың жетістігі де мол болды. Қала, облыс тарапынан хабарланып отырған барлық сайыстарға қалмай қатысуға жұмыстар жүргізілді.

2021-2022 «Дарын» Республикалық ғылыми жобалар байқауына 9-11 класс оқушылары арасынан 11 оқушының жұмыстары қалалық кезеңге жіберілді. Олар:

1. Карабалина Ардақ – 9 класс, жетекшісі Сарсембаева А /информатика/
2. Тәңірбай Аңсар- 9класс, жетекшісі Тлеулина В /информатика/
3. Марал Ақбота – 9класс, жетекшісі Жалмұханова Л /математика/
4. Туремуратова Мадина – 9 класс, жетекшісі Кенжебаева Б /химия/
5. Әбіш қарақат – 11 класс, жетекшісі Қалдина Ж /психология/
6. Байтурина Адема - 9 класс, жетекшісі Аманшиева Г /география/
7. Шакибаева Саида - 9 класс, жетекшісі Алдашева О /өзін-өзі тану/
8. Сансызбаев Жандос - 10 класс, жетекшісі Нуржанова Р /қазақ тілі мен әдебиеті/
9. Жетпісіев Асылгерей – 11 класс, жетекшісі Жаманова Ж /қазақ тілі мен әдебиеті/
10. Абдуллиева Акнур – 9 класс, жетекшісі Курманбаева Ж /ағылшын тілі/
11. Тұрғын Береке – 9 класс, жетекшісі Ахметова Ж /қазақ тілі мен әдебиеті/

Нәтижесінде, ешқандай оқушы орын алмады.

2021 жылдың қазанында қалалық 1-7 сыныптар арасында «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар байқауына мектебімізден 4 оқушы жіберіліп, 7а класс оқушысы Сансызбай Жанерке қалалық кезеңнен III орын алып, облыстық кезеңге өтті. Жетекшісі Айпанова А.М

2021 жылдың 20 қазан күні Облыстық XIII астрономиялық олимпиадаға 9 а сынып оқушысы Кенжеғали Аружан және 10а сынып оқушысы Жұмағалиева Айша катасып, нәтижесінде 9а сынып оқушысы Кенжеғали Айша 2орын иеленді.

Жетекшісі Байжанова Б.К

«Алтын сақа», «Кішкентай білгірлер» атты интеллектуалдық олимпиадалар өткізілді, олардан ешқандай орындар жоқ.

II. Олимпиада нәтижесі:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 02.11-03.11.2021 күні мектепшілік олимпиада өткізілді. Жалпы пәндер бойынша барлығы 67 оқушы қатысты. Соның ішінде 9 кластан – 27, 10 кластан – 20, 11 кластан-19 оқушы қатыстырылды. Олимпиадаға қоғамдық пәндер бойынша – 33 оқушы, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша – 34 оқушы қатысты. 9-11 класс оқушыларының саны – 128, оқушылардың мектепшілік олимпиадаға қатысымы 52,3%-ы құрайды. Әрбір пән бойынша сараптамалық талдау қорытындысы төмендегідей нәтиже көрсетті:

9-11 класс оқушылары арасынан мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша 49 оқушы жүлделі I, II, III орындармен марапатталды. 9-11 класс оқушылары арасынан I орын алған 19 оқушы қалалық олимпиадаға жолдама алды.

Қалалық олимпиадаға қатысатын оқушылар тізімі төмендегідей:

№37 орта мектебі бойынша қалалық олимпиадаға қатысатын оқушылар тізімі
/2021-2022 оқу жылы /

№	Оқушының аты-жөні	Класы	Пәні	Жетекшісі	Нәтижесі (қалалық)
1	Ақылжан Наргиз	10	Қазақ тілі мен әдебиеті	Нұржанова Р.С	
2	Әбіш Қарақат	11	Қазақ тілі мен әдебиеті	Нұржанова Р.С	

3	Орынбасарова Мерей	9	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қуатжанова А.К	III
4	Қарабалина Ардақ	9	Орыс тілі мен әдебиеті	Сағиева Н.Е	
5	Ратов Манарбек	11	Орыс тілі мен әдебиеті	Ажигалиева А.М	
6	Байтурина Адема	9	Ағылшын тілі	Сабетова А.О	II
7	Қиубек Жанерке	10	Ағылшын тілі	Тулкешова Д.А	III
8	Бұлат Дариға	11	Ағылшын тілі	Қурманбаева Ж.Е	
9	Жұмағалиева Айша	10	Химия	Кенжебаева Б.А	
10	Уалиева Райгул	10	География	Аманшиева Г.Ш	
11	Досқалиев Берік	10	Биология	Буркитова М.О	
12	Қанапияева Амина	11	Физика	Байжанова Б.К	
13	Нәби Азамат	11	Математика	Мукашева Н.А	
14	Жұмабаев Мадияр	9	Информатика	Тлеулина В.Б	
15	Тұрғанбаев Ақниет	10	Информатика	Сарсембаева А.Ж	
16	Туремуратова Мадина	9	Қазақстан тарихы	Айпанова А.М	I
17	Даулетбай Нұршат	11	Қазақстан тарихы	Төреяхметова Д.А	II
18	Темірбек Жанель	10	Құқық негіздері	Төреяхметова Д.А	
19	Тұрғын Аяжан	11	Өзін-өзі тану	Алдашева О.Е	

Сонымен қатар 5-6 класс оқушылары үшін математика-логика, қазақ тілі, ағылшын тілі, қазақстан тарихы пәндері бойынша мектепшілік олимпиада өткізіліп, қалалық кезеңге 8 оқушы қатыстырылды.

Нәтижесінде:

1. Қазақ тілі пәнінен 5 сынып оқушысы Нұрлан Нұрасыл II орын.
Жетекшісі Жаманова Ж.К
2. Орыс тілі пәнінен 6 сынып оқушысы Жүгініс Данияр III орын.
Жетекшісі Сағиева Н.Е

Облыстық XIII астрономиялық олимпиада, «Алтын сақа», «Кішкентай білгірлер» математикалық олимпиада, түрлі қалалық, облыстық эссе, шығарма байқауларына, өнер, фотосурет, суреттер байқауы ұйымдастырылып оқушылар қатысым жасады. Бнылғы 2021-2022 оқу жылында оқушылар осы шығармашылық бағыт бойынша жақсы нәтиже көрсетті.

Оқушылар «Ақ бота», «Русский медвежонок – языкознание для всех», «Бритиш бульдог», «Тарих ата» т.б интеллектуалды байқауларға қатысым жасады

Мектепшілік және қалалық олимпиада кезеңдерінде оқушыларға мотивация беру мақсатында түрлі видеороликтер мен кеңестер берілді. Оқушылармен көбінесе «Білік шың!», «Бұзылған телефон», «тыңда және орында», «Ассосация», «Сенімділікті арттыру», «Сенімді болу құпиясы», «ВСәттілік менің серігім» тақырыптарында психологиялық сағаттар ұйымдастырылды.

Дарынды топ оқушыларының шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін үнемі қызығушылығын арттыратын тапсырмалар беріп, өз жұмыстарын жүйелі қарауға бағыт беру керек.

Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда оқушылардың олимпиадаларға қатысуы төмендеу болды. Себебі ақылы олимпиадаларға қатыстыруға шектеу қойылғандықтан азайып тұр.

Келесі оқу жылында ғылыми жоба бағытындағы сайыстарға қатыстыруды арттыру, жалпы жетістіктерді көбейту.

2021-2022 оқу жылының басында «Сунидті алдын-алу» жоспары құрылып, «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметі туралы» бұйрық шығып, бұйрықта Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 31 тамыздағы №234 бұйрығы және «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметі туралы» «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2021 жылдың 6 қазанындағы №319 бұйрығы негізінде мобильдік топ құрылды.

Жоспарға сәйкес оқушылардың бойындағы мазасыздық, депрессия, стресс күйлерін анықтау үшін әр тоқсанға сауалнамалар мен профилактикалық жұмыстар қойылған болатын. I тоқсанда қазан айында 8-11 класс оқушылары аралығынан «DASS» сауалнамасы алынды. Нәтижесі төмендегідей нәтиже көрсетті.

Барлық оқушы саны	Қатысқан оқушы саны	Сауалнамаға қатыспаған оқушылар саны	Сауалнама нәтижесі бойынша «тәуекел топтағы» оқушы саны	Сұхбат нәтижелері бойынша анықталған оқушылар саны
180	180	-	0	0

Сауалнама толтыру барысында оқушылар арасында ерекше көзге түскен, яғни сұрақтарды қайталап мазасызданып отырған оқушылармен жеке сұхбат жүргізу мақсатында кеңес алуға шақырған болатынмын. Оқушылармен ашық әңгіме барысында оқушы бойында мазасыздық байқалғандықтан 11 а класс – Ратов М, 10 ә класс – Абатқызы К, 8а класынан Сагинбаева М, 8ә класынан Абатқызы К, 8а класынан Сагинбаева М, 8ә класынан Тілеубай Н. деген оқушыларды бақылауға алынды.

Қазан айында «Колейдоскоп» ойыны жүргізілді. Мұндағы мақсат оқушыларға өмірдің құндылықтарын түсіндіріп, өмірге құштарлықтарын арттыру болатын.

Қараша айында 6-9 класс оқушылары арасында «Зунг» сауалнамасы алынды, оқушылардың депрессия деңгейін анықтау мақсатында.

№	Оқушының аты-жөні	50 балдан аспаса, онда депрессиясыз күй болып есептеледі	50-59 невротикалық генездік сипаттағы жеңіл депрессиялық күй	60 пен 69 субдепрессиялық немесе бүркелген депрессия. 70 - Нағыз депрес-сиялық күй
1	6 «А» - 21 оқушы		1	
2	6 «Ә» - 20 оқушы			
3	7 «А» - 16 оқушы		1	
4	7 «Ә» - 18 оқушы			
5	7 «Б» - 17 оқушы		1	
6	8 «А» - 26 оқушы		2	1
7	8 «Ә» - 19 оқушы		2	
8	9 «А» - 23 оқушы		1	
9	9 «Ә» - 23 оқушы			
	Барлығы: 183 оқушы	172	10	1

Сауалнама нәтижесі бойынша анықталған оқушылармен сұхбаттасу жүргізілді. Бұл оқушылардың мазасыздық деңгейі отбасылық қарым-қатынастан туындаған уақытша мазасыздығы байқалды. Класс оқушыларымен бірлесе оқушылардың көңіл-күйін басқаға бұру мақсатында «Теңбіл доп», «Кім жылдам?», «Қақ ортасы» тақырыптарында тренинг жұмыстары жүргізілді.

«Әлем менің көзіммен» тақырыбында 8-11 класс оқушыларымен психологиялық сабақ жүргізілді. Сабақтың мақсаты Оқушылардың бойындағы көңіл-күйді тұрақтандыру, жағымсыз әрекеттерін түзету; эмоциялық күйзелісті сейілту. Танымдық қабілеттерін дамыту. Достық қарым-қатынасты нығайту, ұжыммен бірлесіп жұмыс жасауға үйрету.

Желтоқсан-қаңтар айларында 8-11 класс оқушыларынан «Спилберг» сауалнамасы алынды. Мақсаты Оқушылардың көңіл-күйін бақылау. Сауалнама нәтижесі төмендегідей нәтижені көрсетті. Шамадан тыс қобалжуы бар оқушылармен жекелей сұхбаттасу арқылы олардың деңгейінің қалыпты екендігі байқалды. Класс оқушыларымен түгел оқушылардың бойында жағымды психологиялық көңіл-күй тудыру үшін «Шенберден шық», «Қол ұста», «Мен кімін?» тренинг жаттығулары жүргізілді.

№	Класы	Оқушы аты - жөні	Жүргізілген жұмыс	Қорытынды
1	8 а	Әлмұрат Д	Сауалнама ішіндегі 7-ші шкаладағы сұрақтарға толық ашық жауап алынды	Қалыпты
2	8 ә	Серік А		Қалыпты
3	9 а			Қалыпты
4	9 ә	Хожахметқызы Д Сақтаған Г		Қалыпты
5	10 а	Тұрғанбаев А		Қалыпты
6	10 ә	Өтеген И Тыныштық М Алибесков Н		Қалыпты
7	11 а	Орынбасаров Д, Шайқыбаев Н.		Қалыпты

Қаңтар айында айында «Мен таңдаған сара жол» тақырыбында 9-11 класс оқушыларымен өмірге деген құлшынысын арттыру, өмір туралы ой өрісін дамыту, өмірді сүйе білуге тәрбиелеу мақсатында психологиялық сағат жүргізілді.

Ақпан айында «Мен өмірді бағалаймын» тақырыбында 7-8 класс оқушыларымен психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату мақсатында психологиялық сағат жүргізілді.

Наурыз айында «Спилберг» сауалнамасы бойынша қорқыныш, мазасыздық күйі жоғары оқушылармен Личко «МПДО» сауалнамасы алыну жоспарланған болатын, бірақ оқушылар тарапынан ондай күйде оқушы анықталмаған соң бұл сауалнама бнылғы оқу жылында алынбады.

Сәуір айында «Білім алушылардың эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар» тақырыбында оқушылардың алға қойған мақсаттарына жетуге мүмкіндіктерді пайдалана білуге қоғаммен және қоршаған ортамен жақсы қарым қатынасқа түсуге баулу мақсатында психологиялық сұхбат жүргізілді.

Мамыр айында оқушылардың жазғы демалысқа кету жағдайына байланысты «кәметке толмағандар арасындағы суицидтің, ерте жүктіліктің, оларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын-алу» бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Әрбір сабақ соңында жекелей ойын білдіріп, кеңес сұрайтын оқушылар да кездесті. Оларға үнемі қолдау көрсетіп, кеңестер мен ұсыныстар беріліп отырады.

2021-2022 оқу жылына №37 орта мектеп психологының «Кәметке толмаған оқушыға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу» бойынша жұмыс жоспары құрылып, жоспар бойынша мектептің ер балалары және қыз балаларымен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Жыл басынан бері жүргізілген жұмыстарды атап өтетін болсақ:

- Қыркүйек айында Қиын жағдайға тап болған балаларға «ЖОҚ» деп айтуды үйрен» тақырыбында жадынамалар дайындау, «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі» туралы ақпарат беру. Мақсаты: Оқушыларға келеңсіздікті алдын-алу бойынша, қиын жағдайға тап болған жағдайда кімнен көмек ала алатындығын ескерту;

- 08-қазан күні «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» дөңгелек үстел, кездесу сабақ. «Қызым саған айтам» мектеп психологы ; «Ерте жүктілікті алдын алу» №3КЕ дәрігері Қазбаева Роза Каировна; «Қазақ халқы қызын қалай тәрбиелеген», «Анаға тағзым» орталығының маманы Бибігүл Әбдішүкірқызы «Қазақ қызын қалай тәрбиелеген» тақырыбында өз кеңестерін берді;

- 18 қазан күні «Әдеп ең қымбат мирас» ер балалармен профилактикалық жұмыс ұйымдастырылды. Мақсаты балалардың өмірге қажетті білік-дағдыларын тереңдете отырып, ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрге баулу, сәлемдесу, қонақ күту, сыйластық, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу тәрізді әдептілік қағидаларын меңгерту арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу;

- 18 қазан күні «Қыз бала гигиенасы» тақырыбында қыз балалармен профилактикалық жұмыс жүргізілді. Мақсаты қызбалаларды тәрбиелеуде үлкен мән, үлкен жауапкершілік бар екенін ұғындыра отырып, тән сұлулығының тамыры-тазалықта, тәртіпте екенін білу. №3 ҚЕ акушер гинеколог дәрігері Телекусова Әлия Умирзаковна қыз балалардың қойылған сұрақтарына жауап берді;

-28 қазан күні «Буллинг, кибербуллинг» Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту. Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жаныңа батады. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда... психологиялық қозу күшін бәсеңдету; сунцидтік әрекетке итермелеген себепке психологиялық байлану дәрежесін азайту; әрекетті алмастыру механизмдерін қалыптастыру;

11 қарашада «Әлеуметтік желідегі сауаттылықты сақтайық» Оқушылардың әлеуметтік желідегі сауаттылығын арттыру, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және өз өміріне қауіп төндіретін ойындар мен бейтаныс адамдармен сөйлесуден сақтандыру ережелерін таныстыру.

11-қарашада «Талғам мен тәрбие» ер балалармен профилактикалық жұмыс оқушыларды киіну әдебімен таныстыру, киім киюге қатысты жағдаяттарды талдай отырып, киіну ережелерін үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу;

12-қараша күні «Намысты қазақ жігіті» ер балалармен профилактикалық жұмыс жүргізілді. Мақсаты «Ар» ұғымының адамгершілік құндылық ретінде мәнін ашу. ұят, ар, намыс туралы түсінік беру; сыпайы қарым - қатынас жасау іскерліктерін дамыту; ұятты бар, арлы бала болуға тәрбиелеу;

30 -қараша күні Зорлық –зомбылыққа жол берме!», «Зорлық зомбылықсыз 16-күн» акциясы негізінде өткен ер балалармен профилактикалық жұмыс жүргізілді. Мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары А.Амантурлиева және мектеп инспекторы А.Муханбетказинаның қатысымымен «Құқық бұзушылықты алдын-алу» (ұрлық, кибербуллинг, буллинг, зорлық-зомбылық) тақырыбында профилактикалық жұмыстар жүргізілді;

25-Желтоқсанда «Өз құқығыңды қорғай біл!» дәріс-презентация «Зорлық зомбылықсыз 16-күн» акциясы негізінде өткен профилактикалық сағат жүргізілді. Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, құқықтық білімдерін толықтыру. Адамгершілік ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру. Оқушыларды жаңа тақырыпты талқылауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, ой өрісін, ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру. Мектеп инспекторы А.Муханбетказина оқушылардың тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді;

27-желтоқсанда "Өмірдің ғажайып түстері" Келеңсіздіктерді алдын-алу мақсатында ұйымдастырылған, өмірге деген көзқарастары, өмірді сүйуге, бағалауға тәрбиелеу;

22-қаңтарда "Мен таңдаған сара жол" Оқушылардың бойындағы көңіл-күйді тұрақтандыру, жағымсыз әрекеттерін түзету; эмоциялық күйзелісті сейілту. Танымдық қабілеттерін дамыту. Достық қарым-қатынасты нығайту, ұжыммен бірлесіп жұмыс жасауға үйрету;

14-ақпан күні «Мен өмірді бағалаймын» Өзіндік жүйелі дамуына әсер ету, эстетикалық көзқарастарын дамыту. Шын адал достыққа баулу. «Махаббат» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Адам бойындағы махаббат сезімін құрмет тұтуға баулу болатын;

3-наурыз күні «Қызым Қызғалдағым» қыз балалармен профилактикалық жұмыс 5-8 класс оқушыларымен. Жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, адамгершілікті, жан сұлулығы мен сұлулығын қатар алып жүре алатын, өзінен кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілік ұғымын түсінген қыз баланың тұлғасын қалыптастыру. Мектеп медбикесі А.Ізбасарова қатысым жасап, қыз балалар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді;

10 - наурызда «Виртуалды әлемдегі менің бейсанам» Оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру;

11- наурызда «Қазақ қызысын, Жібек, Баян ізісін!» қыз балалармен профилактикалық жұмысҚоғамдағы қыз бала құндылықтарының маңызын талқылау, отбасының ұлттық рухының отбасынан басталатынын дәлелдеу, рухани-моральдық құндылықтарымыздың ата-анадан, туған-туыстан алатынын, құндылықтардың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастынын және кайнар көзі екеніне түсінік беру. Дөңгелек үстелге мектеп директоры К.К.Абуова, жазушылар одағының мүшесі, акын, сазгер, аудармашы Г.Т.Аймаханова, ардагер ұстаз У.К.Нағимова, Ақтөбе қаласы Астана ауданының бөлім прокуроры М.А.Курманалина, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Амантурлиева қатысым жасады;

07 сәуірде « Құқық бұзушылықты алдын-алу» ер балалармен профилактикалық жұмыс Мектеп инспекторы А.Муханбетқазинаның қатысымымен мектепке тыйым салынған заттар бойынша оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді;

14 сәуірде «АНТВ жұкпасы және жите ауруы» Облыстық ЖИТС орталығынан дәрігер эпидемиолог:

Құралова А.Ж. , Матаева М.К қатысып оқушыларға қатерлі АНТВ/ЖИТС дертінің алдын-алу,оның жұғу жолдарын одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу.

15 сәуірде «Махаббат өмір көркі» 15-сәуір «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ғашықтар күніне арналған пікірталас

Махаббат туралы түсінік бере отырып, сүйеге үйрету, махаббатты тануға үйрету, бақытты болуға үйрету, өзінді – өзің құрметтей білуге үйрету, адам баласының бойындағы қасиетке үйрету;

Қорытынды: Ер балалармен және қыз балалармен жүргізілген жұмыс қанағаттанарлық деп бағалансын.

Ұсыныс: «Кәмелетке толмаған оқушыға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу» жоспары

2021-2022 оқу жылында ата-аналармен жұмыс жоспары құрылып, жоспар бойынша жыл бойы жұмыстар жүргізілді.

Қыркүйек айында мектепке алғаш қабылданған 1-класс оқушыларының ата-аналарымен «1 класс оқушыларының мектепке бейімделу деңгейі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыстың мақсаты 1-класқа қабылданған оқушыларға мектепке бейімделуі кезінде ата-ана тарапынан қандай қолдау көрсете аламыз төңірегінде психологиялық кеңестер мен ұсыныстар берілді. Бала өмірінің, соның ішінде мектеп өміріндегі балалардың тағы бір кризистік шағы – ол 4-ші сыныпты аяқтап 5-ші класқа көшкен уақыты. Себебі 4 жыл бойы олар бір мұғалімге яғни бастауыш класс тәртібіне үйреніп, орта буынға көшкенде адаптациядан өту кей оқушыларда ұзақ уақыт алаып жатады. Сондықтан да класс жетекші, мұғалімдер тарапымен бірге ата-ана да өз баласының тез қалыптасуына психологиялық жағдай жасау керек. Осы тақырып төңірегіне орай 5-ші класс ата-аналарымен «Біз 5-шіге келдік» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Мұндай отырыстардың пайдасы, өзіміз білсек те, көбінесе қолданбайтын, еленбейтін жайттарды жаңғырту болатын.

Ата-аналарға балалардың әлеуметтік желідегі сауаттылығын арттыру, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және өз өміріне қауіп төндіретін ойындар мен бейтаныс адамдармен сөйлесуден сақтандыру ережелерін таныстыру мақсатында whatsaap желісі арқылы «Қауіпсіз интернет» Тақырыбында кеңестер берілді.

Отбасындағы бала тәрбиесі қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек» тақырыбындағы жалпы ата-аналар жиналысы ZOOM платформасы арқылы жүргізілді.

«Отбасындағы бала тәрбиесі қоғамның мақсат міндеттерімен байланысты болу керек» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысында психолог маман жас жеткіншек шақта кездесетін келенсіздіктер төңірегінде әңгіме қозғалды. Мұнда қазіргі қоғамда кездесіп жатырған қауіп, яғни бала өзіне сырт адамды жақын тарту, отбасы мүшелерінен алыстау, шет елдің азаматтарына

еліктеу, әлеуметтік желіде өзін еркін өзгеге көрсету сынды жағдаяттардың себептері мен салдарларымен бөлісті.

«Зорлық-зомбылықсыз – 16 күн» акциясы төңірегінде ата-аналарға жадынамалар таратылды. Сіз балаңызға ең жақын адам ретінде балалар мен жасөспірімдер арасындағы зорлық – зомбылық пен жыныстық қолсұғуларға қарсы тұруына көмектесетін адам болып табыласыз. Зорлық – зомбылықтың алдын алуға болады, тек ол үшін балаға «Жеті болмайды ережесін» калыптастыруға көмектесіңіз деген түрлі түске баялған ашық суреттермен көмкерілген кенестер ұсынылды.

«Отбасы-күні» мекресіне орай ата-аналармен «Келешек кемел ұрпақ» тақырыбында психологиялық тренинг сағаттары жүргізілді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Амантурлива ата-паналарды «Отбасы күні» мерекесімен ата-аналарды құттықтап сөз бастады. *Бақытқа жету сырлары үшін 5 кеңес берілді:* Бақыттың бірінші сыры – көзқарас. Екінші сыры – дене күші, Үшінші сыры – мақсат күші, шаттықта, Төртінші сыры кешірім күшінде, Бесінші сыры – сенім күшінде; *олардың әр қайсысы ашық түсіндірілу арқылы психологиялық жаттығулармен жалғасты. Ата-аналар әр тарау бойынша өздерінің ойларын ашық айта отырып, тренинг жаттығуларға белсенділік танытты. Қызықты психологиялық кеңестер ұлттық құндылықтарды дамыту мақсатында ой салуға бағыт берілді, ата-аналар өздеріне ережелер құрып, сабақ өз дәрежесінде өтіп ата-аналар тарапынан алғыстарын білдірді.*

Жыл бойы мектеп оқушыларының ата-аналарына жалпылай және жекелей психологиялық кенестер мен ұсыныстар беру жұмыстары үздіксіз жүргізілді.

Жоспар бойынша жүргізілетін жұмыстар өз жалғасын табады, соның ішінде:

- Ата-аналармен, сынып жетекшілермен тығыз байланыста болу;
- Жас жеткіншектермен соның ішінде қиын оқушылармен жақын қарым-қатынас орнату, оларды әр түрлі іс шараларға қатыстыру;

Қорытынды: суицидті алдын-алуға байланысты жүргізген жұмыстардың есебі қанағаттанарлық деп есепке алынсын.

Ұсыныс: Каникул уақытында да оқушылармен қашықтықтан байланыс жұмыстары ұйымдастырылып, психологиялық қолдау жұмыстар жүргізілсін.

2022-2023 оқу жылындағы №37 орта мектебінің психологының жылдық жүргізген жұмыстары.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңінде ең бірінші мектепке даярлық деңгейін айқындау мақсатында А.Керна Я. Йирасек әдістемесі алынып нәтижелері төмендегідей көрсеткішті көрсетеді:

Керн – Йирасек тесті бойынша 1 класс оқушыларынан 74 оқушы қатысып, оның 41-і жоғары, 19 орташа, 14 төменгі көрсеткішті көрсетті.

Ұжымға үйренбеген және оқуға құмарлығы төмен оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді. «Танысу», «Сабақ және үзіліс», «Кактус» т.б. жаттығулар өткізіліп, «Мен және менің жанұям» т.б. жобалау әдістемелері алынды.

Оқу жылының басында мектепке қабылданған 1-класс оқушыларының ата-аналарына «Біз 1-класқа келдік» тақырыбында, 5-класс оқушыларының ата-аналарына «Балаңыз мектепке тез бейімделсін десеніз», «Отбасындағы бала тәрбиесі қоғамның мақсат міндеттерімен байланысты болу керек» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысында баяндама оқылды.

5 және 10 класс оқушыларының Лусканованың «Ұжымдағы коммуникативтік адаптациясы» бойынша: (коммуникативтік сапасы)

№	классы	Барлық оқушы саны	Жоғары	Орташа	Төмен
1	5 «а»	22	10	12	0
2	5 «ә»	22	13	9	0
3	5 «б»	22	9	13	0
4	10 «а»	15	13	2	0
5	10 «ә»	16	9	7	0

11 класс оқушыларымен «Мен таңдаған мамандық», «Емтихан», «Болашақ чемпиондар», «Мен сенемін, жетістікке жетемін», «ҰБТ психологиялық дайындық», «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де талап қыл» тақырыптағы тренингтерінде оқушылар өз ойларын ашық айтты, және олар өзара қызу талқыға түсті. Жұмыс соңында оқушыларға бір-бірінің ойы мен пікіріне сыйластық таныту; Армандау арқылы нақтылай мақсат қою керек жөнінде ұсыныстар айтылды.

4 – класс оқушыларының орта буынға көшу кезеңіндегі психологиялық дайындығы мен зерттеу нәтижесі

Мақсаты: 4 класс оқушыларының орта буынға көшу кезеңіндегі әлеуметтікпсихологиялық дайындық деңгейін анықтау.

Қолданылған диагностикалық әдістемелер: Есте сақтау процесін зерттеу әдістемелері, Зейінді зерттеу және дамыту әдістемелері, Ойлау процесінің даму деңгейін анықтау тесті, социометрия, темпераменттің ерікшеліктерін байқау әдісі, өзін-өзі бағалауы бойынша тесттер, «Оқу мотивациясын бағалау» сауалнамасы алынды.

Бастауыш буыннан орта буынға көшу – педагогикалық негізгі мәселелердің бірі және жасөспірімдік дағдарыстың алғашқы кезеңі. Жасөспірімдік жас деп 11 жастан 13-14 жасқа дейінгі кезеңді айтамыз және осы сәтте балада «мен концепциясы» қалыптасып, мінез-құлқында мына өзгерістер қалыптасады.

- өзін ересек сезіну;

өз бетімен әрекет етуге ұмтылып, тәуелсіз болуға ұмтылу;

- үлкендер тарапынан көрсетілген камкоршылық пен бақылаудан алшақтап, тәуелсіз болуға ұмтылу;

- әрқашан қолдауды қажет ету.

Бұрын бір мұғалімге үйреніскен оқушыларға, орта буында әр пәннен мұғалімдердің сабақ беруі, мұғалімнің талаптары мен оқыту әдістемелерінің әртүрлі болуы, сонымен қатар оқу бағдарламасына жаңа пәндердің қосылуы – оқушылар үшін психикалық жүк.

Бастауыш буыннан орта буынға көшу кезеңін оқушылар өмірдегі маңызды қадамдары ретінде қабылдайды.

- Биылғы оқу жылында 4 – класта үш сынып комплектісі бар. Бұл сыныптарда оқушы саны 4 «а» сыныбында -20 оқушы 10-қыз бала, 10-ер бала, ал, 4 «ә» сыныбында – 19 оқушы оның 8- қыз бала, 11-ер бала. 4 «б» сыныбында – 19 оқушы 3- қыз бала, 16 ер бала. Зерттеу, бақылау жұмыстары арқылы оқушылардың танымдық қабілеттері зерттелді. Оқушылардың танымдық процестері: ес, зейін, ойлау қабілеттерін зерттеу диагностиканың нәтижелері бойынша бойынша:

Оқушының ес процесін зерттеу

- **Зерттеу әдістемесі:** «Дыбыстық есте сақтау»

Мақсаты: Оқушының жеке тұлғасының ес процесін зерттеу арқылы қаншалықты есте сақтау деңгейін анықтау.

Жалпы сыныптың дыбыстық есте сақтауы:

№	Класс	Жоғары	Орташа	Төмен
1	4 «А»	14 оқушы	4 оқушы	0
2	4 «Ә»	14 оқушы	4 оқушы	2 оқушы - Кенжеғұлов Қайыржан Қайратұлы, Сергулиев Марлен
3	4 «Б»	17 оқушы	1 оқушы	1 оқушы - Калдаяков Олжас

Зерттеу әдістемесі: «Көру арқылы есте сақтау»

Мақсаты: Баланың аз уақытта сандарды қаншалықты көріп есте сақтауы, көлемі мен дәлдігін анықтау, бағалау.

Жалпы сыныптың көру арқылы есте сақтауы:

№	Класс	Жоғары	Орташа	Төмен
1	4 «А»	17 оқушы	2 оқушы	0
2	4 «Ә»	18 оқушы	1 оқушы	0
3	4 «Б»	19 оқушы	0	0

Ақыл-ой дамуын зерттеу

- **Зерттеу әдістемесі:** «Артық сөзді тап»

- **Мақсаты:** Осы әдістеме бойынша баланың логикалық ойлауының деңгейін анықтау.

Жалпы сыныптың логикалық ойлау деңгейі:

№	Класс	Жоғары	Орташа	Төмен
1	4 «А»	8 оқушы	8 оқушы	3 оқушы- Даутбай Бартолы Алибекович, Жеткізгенов Әли Амаңдықұлы, Көшен Айкәусар Әуезханқызы
2	4 «Ә»	8 оқушы	9 оқушы	2 оқушы- Кенжеғұлов Қайыржан Қайратұлы, Сергулиев Марлен
3	4 «Б»	8 оқушы	9 оқушы	2 оқушы- Амангосов Айдын Азаматұлы, Калдаяков Олжас,

Оқушының танымдылық процесін зерттеу.

- Зерттеу әдістемесі: «Кім зейінді?» - сөз терме.
 - Мақсаты: Зейіннің тұрақтылығын және жинақтылығын, шоғырлануын зерттеу.
- Жалпы сыныптың зейін деңгейі:

№	Класс	Жоғары	Орташа	Төмен
1	4 «А»	7 оқушы	9 оқушы	3 оқушы- Даутбай Бартолы Алибекович, Жеткізгенов Әли Амандықұлы, Көшен Айкәусар Әуезханқызы
2	4 «Ә»	9 оқушы	8 оқушы	2 оқушы- Кенжегүлов Қайыржан Қайратұлы, Сергулиев Марлен
3	4 «Б»	8 оқушы	9 оқушы	2 оқушы- Амангосов Айдын Азаматұлы, Калдаяков Олжас,

Сыныптастарына деген көзқарастарының, қарым-қатынастарын зерттеу.

- Әдістеме: «Социометрия»
 - Мақсаты: Сыныптағы лидер оқушыларды анықтау.
- «Социометрия» нәтижесі

№		Сынып лидері «Жұлдыз» қатарына жататындар	«Қалаулылар» қатарына жатады.	«Қалаусыздар» қатарына жатады.	«Шектеулі лер» қатарына жатады.
1	4 а	Аскар Назым Қайыржанқызы, Кульмуханова Айым Маратқызы. (2 оқушы)	Аккуанов Алихан Арыстанұлы, Оралтай Қайсар Жанибекұлы, Берікхан Кәусар, Даулетбаев Ансар Амангалиевич, Дауылбайқызы Мәдина, Мәдібек Арман Айдарбекұлы, Сансызбай Жантас Елдосұлы, Айтуғанова Айша Айбекқызы, Ашықбаева Наргиза Янқызы, Дәулетқызы Жанбота, Хамит Арслан Берікұлы. (11 оқушы)	Даутбай Бартолы Алибекович, Құсанов Сержан Серікұлы, Аманов Әділбек Ақылбекұлы, Жеткізгенов Әли Амандықұлы, Мұздыбай Томирис Болатқызы. (5 оқушы)	Көшен Айкәусар Әуезханқы зы, Танер Асия Ержанқызы . (2 оқушы)
2	4 «Ә»	Байсентов Ерасыл Нариманович, Жарасұлы Ахмад, Кенжегүлов Қайыржан Қайратұлы. (3 оқушы)	Жаилханова Жұлдыз Аянқызы, Нұртаза Амандос Асқарбекұлы, Бисенгали Адина Нұрғалиқызы, Дүйсенбай Әлім Ахмедияұлы, Нуржаубай Әмина Жалғасқызы,	Баймуканова Алина. Жүрсүн Аяулым Саматқызы, Муханбеткалиева Жулдыз Армановна, Саматов Аян Айболатұлы, Мұрасыл Аягөз, Нағашибай Саян Қайырлаұлы,	(0)

			Тыныштық Талант Жаңабекұлы, Жылқаманова Кәусар Еркінқызы, Салават Аян Орынбасарұлы, Сапарғали Сардарбек Саятұлы. (9 оқушы)	Сергулиев Марлен. (7 оқушы)	
3	4 «Б»	Аманжол Абай Азаматұлы, Құдайбергенов Ерхан Қанатұлы, Оразбай Әділбек Қорғанбекұлы, Сағымбаев Нұрәділ Талғатұлы. (4 оқушы)	Достан Санжар Жандосұлы, Алпамыс АбдулАзиз Азаматұлы, Жаламанов Тимур Еркенович, Ізтай Хамза Нұрсұлтанұлы, Амантай Айбек Азаматұлы, Султанғалиев Ислам Александрович. (6 оқушы)	Абдрахманова Асылжан Асыланбекқызы, Амангосов Айдын Азаматұлы, Әбіштай Жанел Әлімжанқызы, Октябрь Жандос Аскарбекұлы, Нұрыш Көркем, Туребек Султан Азаматович, Есетұлы Исмаил, Жалғасқан Мағжан Санатханұлы. (8 оқушы)	Калдаяков Олжас. (1 оқушы)

Мектеп мотивациясының қортындысы.

Мақсаты: Оқушыларының мектепке келу септілігі, білімге деген қызығушылығын бағалау.

№	Сынып	Оқушылардың аты-жөні	25-30 ұпай
1	4 «А»	Аккуанов Алихан Арыстанұлы, Ашықбаева Наргиза Янқызы, Берікхан Кәусар, Дауылбайқызы Мәдина.	жоғарғы деңгей
2	4 «Ә»	Баймуканова Алина, Байсентов Ерасыл Нариманович, Жаилханова Жұлдыз Аянқызы, Жүрсүн Аяулым Саматқызы, Муханбеткалиева Жұлдыз Армановна,	жоғарғы деңгей
3	4 «Б»	Ізтай Хамза Нұрсұлтанұлы, Нұрыш Көркем, Достан Санжар Жандосұлы.	жоғарғы деңгей

Екінші деңгей: 20-24 ұпай-жақсы деңгей.

№	Сынып	Оқушылардың аты-жөні	20-24 ұпай
1	4 «А»	Айтуғанова Айша Айбекқызы, Асқар Назым Қайыржанқызы, Аманов Әділбек Ақылбекұлы, Даулетбаев Ансар Аманғалиевич, Дәулетқызы Жанбота, Құдайбергенов Ерхан Қанатұлы, Мәдібек Арман Айдарбекұлы, Мұздыбай Томирис Болатқызы, Сансызбай Жантас Елдосұлы, Хамит Арслан Берікұлы.	жақсы деңгей
2	4 «Ә»	Бисенғали Алина Нұрғалиқызы, Дүйсенбай Әлім Ахмедияұлы, Мұрсал Аягөз, Нағашибай Саян Қайырлаұлы, Нуржаубай Әмина Жалғасқызы, Салават Аян Орынбасарұлы, Саматов Аян Айболатұлы, Тыныштық Талант Жаңабекұлы.	жақсы деңгей

3	4 «Б»	Абдрахманова Асылжан, Есетұлы Исмаил, Алимбаева Тимур Куанышевич, Құдайбергенов Ерхан Қанатұлы, Султанғалиев Ислам Александрович, Оразбай Әділбек Қорғанбекұлы, Сағымбаев Нұрәділ Талғатұлы, Амантай Айбек Азаматұлы.	жақсы деңгей
---	-------	---	--------------

Үшінші деңгей: 15-19 ұпай- мектепке жағымды қарайды.

№	Сынып	Оқушылардың аты-жөні	15-19 ұпай
1	4 «А»	Даутбай Бартолы Алибекович, Жеткізгенов Әли Амандықұлы, Көшен Айкәусар Әуезханқызы, Кульмуханова Айым Маратқызы.	15-19 ұпай
2	4 «Ә»	Жылқаманова Кәусар Еркінқызы, Кенжеғұлов Қайыржан Қайратұлы, Нұртаза Амандос Аскарбекұлы, Сапарғали Сардарбек Саятұлы.	15-19 ұпай
3	4 «Б»	Амангосов Айдын Азаматұлы, Аманжол Абай Азаматұлы, Алпамыс АбдулАзиз Азаматұлы, Әбіштай Жанель Әлімжанқызы, Жалғасқан Мағжан Санатханұлы, Октябрь Жандос Аскарбекұлы, Түребек Султан Азаматович,	15-19 ұпай

Төртінші деңгей: 10-14 ұпай- Мектепке қызығушылығы төмен.

№	Сынып	Оқушылардың аты-жөні	10-14 ұпай
1	4 «А»	-	-
2	4 «Ә»	Жарасұлы Ахмад, Сергулиев Марлен	10-14 ұпай
3	4 «Б»	Калдаяков Олжас	10-14 ұпай

- Өзін-өзі бағалау кезінде 4 «а», 4 «ә» және 4 б класс оқушылары калыпты жағдай деп ескеруге болады.
- Қорытынды: 4-класс оқушыларының психологиялық дайындық деңгейі қанағаттанарлық деңгейде бағалап, келесі жылы 5 –ші класқа келген оқушыларды ортаға бейімделу кезінде аталған оқушыларды мектепке бейімделуі кезінде ескеру керек.



Оқу жылы басында тәуекел топ оқушыларына арналған жылдық жоспар құрылды. Оның негізгі мақсаты оқушылардың жеке ерекшеліктерін, аймақтық, учаскелік инспекторлармен тығыз қызметтестік орната отырып, кері әсерін тигізетін бейімділіктермен күресу. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін, темпераментін, ауытқушылық себептерін

диагностикалай отырып, әлеуметтік белсенділіктерін дамыту және психопрофилактикалық жұмыстарды ұйымдастыруға бағытталды.

2022 жылдың 21-26 қазан айы аралығында 8-11 класс оқушыларының депрессиялық деңгейін анықтау мақсатында DASS сауалнамасы алынды. Осы сауалнаманы толтыру барысында мазасыздық танытып, ерекшеленіп көзге түскен оқушылармен мектеп психологы жеке кеңес жүргізу нәтижесінде алынды.

Мектепшілік бақылауға – 3 оқушы

Абатқызы Касандра 11 «ә»

Әлмұрат Диана 9 «а»

Тілеубай Нұрайым 9 «ә»

Мектепшілік есепте –1 оқушы

Амангелді Мұстафа – 9 «а»

Мектеп психологының жыл басындағы тәуекел тобындағы оқушылармен атқарылатын жоспары құрылып мектепшілік бақылауда тұрған қиын және құқықбұзуға бейім оқушылар тізімін класс жетекшілермен бірлесіп жинақтау және оқушылар туралы мәлімет жинақтап, олармен жұмыс жасау жоспарын ұйымдастыру, картотекаларын толтыру жұмыстары жүргізілді. Бейімделуі нашар, оқшауланған оқушылармен, сұхбаттасу, кеңес беру арқылы түзету жұмыстарын жүргізілді. «Кез – келген қиындықтың астында үлкен мүмкіндіктер бар!», «Зиянды заттармен күрес» тақырыбында түсіндірме жұмыстары, «Сіз қорғалуға құқылысыз», «Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің, ерте жүткіліктің, оларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарында кеңес беру профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар бақылау тобындағы оқушыларды басқа оқушылардан бөлмеу мақсатында Қыз балалармен және ер балалармен жүргізілетін профилактикалық жұмыс, яғни кәмелетке толмаған оқушыға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу бойынша жұмыс жоспары бойынша атқарылған іс-шараларға осы оқушылардың міндетті қатысымын бақылау болды.

2022 жылдың 11 қарашасында «Қатыгездікпен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 1-11 класстар аралығында профилактикалық шаралар жүргізілді.



Тәуекел тобындағы оқушылармен «Құқық бұзушылықты алдын-алу (ұрлық, кибербулинг, зорлық-зомбылық)», «Әлеуметтік желідегі Кибербуллинг», тақырыбында 8-9 класс оқушыларымен психологиялық сағат арқылы ой бөлісу жүргізілді. Мұндағы оқушының бос уақытын қалай, кіммен өткізетіндігін бақылау мақсатында болатын. Сонымен қатар ортадағы орны мен қоғамда өзін-өзі ұстауы, қарым-қатынасын көру мақсатында жүргізілді.

2022-2023 оқу жылына «Кәмелетке толмаған оқушыға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу» бойынша жұмыс жоспары құрылып, жоспар бойынша мектептің ер балалары және қыз балаларымен бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Қиын жағдайға тап болған балаларға «ЖОҚ» деп айтуды үйрен» тақырыбында жадынамалар дайындау, «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі» туралы ақпарат беру жұмыстары мектеп қыз балаларына «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» дөңгелек үстел, кездесу сабағы өткізілді. «Қызым саған айтам», «Ерте жүктілікті алдын алу» №3 ҚЕ дәрігері Оразбекова Аяжан жеке гигиена туралы қыздарға дәріс оқып, кеңестер берді. Сонымен қатар «Қазақ халқы қызын қалай тәрбиелеген», «Қызға қырық үйден тыю» тақырыптарында жиналыс жүргізілді. «Бақытты отбасы» орталығының психологиялық қызмет көрсету бөлімінен Байкелова Балбөбек, Хусайнова Гүлсезім оқушыларға дәріс оқып, қызықты тренингтер жүргізді. «Әлеуметтік желідегі сауаттылықты сақтайық», «Зорлық – зомбылыққа жол берме!», «Өз құқығыңды қорғай біл!» мектеп инспекторы А.Н.Муханбетказинамен бірлесе дәріс-презентация сағаттары ұйымдастырылды. Қыз балалар мәдениетін қалыптастыру мақсатында 7-8 класс қыз балаларына «Талғам мен тәрбие» тақырыбында психологиялық сағат өткізілді.



Кешкі мезгілде көшеде жүрмеуін бақылау мақсатында ұйымдастырылған «Кешкі рейд» шараларында, оқушылардың көп жиналатын ойын-сауық орталықтарында, компьютерлік клубтарды және саябақтарда тексеру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар каникул уақытында мектепішілік есепте тұрған оқушылармен оқушылармен үнемі байланыста болу класс жетекшілер мен мектеп психологтарына жүктеліп, жұмыстар атқарылды.

Жоспарға сәйкес оқушылардың бойындағы мазасыздық, депрессия, стресс күйлерін анықтау үшін әр тоқсанға сауалнамалар мен профилактикалық жұмыстар қойылған болатын.

I тоқсанда қазан айында 8-11 класс оқушылары аралығынан «DASS» сауалнамасы алынды. Нәтижесі төмендегідей:

8-11 кл оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Қатыспаған оқушылар саны	Сауалнама нәтижесі бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушы саны.	Келісім бермегенде р
178	178	0	0	0

Сауалнама толтыру барысында оқушылар арасында ерекше көзге түскен, яғни сұрақтарды қайталап мазасызданып отырған оқушылармен жеке сұхбат жүргізу мақсатында кеңес алуға шақырған болатынын. Оқушылармен ашық әңгіме барысында оқушы бойында мазасыздық байқалғандықтан 11 «а» класс оқушысы Абатқызы Касандра бақылауға алынды. Қазан айында «Колейдоскоп» ойыны жүргізілді. Мұндағы мақсат оқушыларға өмірдің құндылықтарын түсіндіріп, өмірге құштарлықтарын арттыру болатын.

Қазан айында 6-7 класс оқушылары арасында «Зунг» сауалнамасы алынды, оқушылардың депрессия деңгейін анықтау мақсатында.

№	6-7 кл оқушы лар саны	Қатысқан оқушылар саны	Қатыспаған оқушылар саны	Сауалнама нәтижесі бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушы саны.	Келісім бермеген дер
1	111	111	0	0	0

Оқушылардың мазасыздық деңгейі отбасылық қарым-қатынастан туындаған уақытша мазасыздығы байқалды. Класс оқушыларымен бірлесе оқушылардың көңіл-күйін басқаға бұру мақсатында «Теңбіл доп», «Кім жылдам?», «Қақ ортасы» тақырыптарында тренинг жұмыстары жүргізілді.

«Әлем менің көзіммен» тақырыбында 8-11 класс оқушыларымен психологиялық сабақ жүргізілді. Сабақтың мақсаты Оқушылардың бойындағы көңіл-күйді тұрақтандыру, жағымсыз әрекеттерін түзету; эмоциялық күйзелісті сейілту. Танымдық қабілеттерін дамыту. Достық қарым-қатынасты нығайту, ұжыммен бірлесіп жұмыс жасауға үйрету.

Ақпан-наурыз айларында 8-11 класс оқушыларынан «Спилберг» сауалнамасы алынды. Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйін бақылау. Сауалнама нәтижесі төмендегідей нәтижені көрсетті. Шамадан тыс қобалжуы бар оқушылармен жекелей сұхбаттасу арқылы олардың деңгейінің қалыпты екендігі байқалды. Класс оқушыларымен түгел оқушылардың бойында жағымды психологиялық көңіл-күй тудыру үшін «Шенберден шық», «Қол ұста», «Мен кімін?» тренинг жаттығулары жүргізілді.

№	Мектебі	Барлық оқушы саны	Қатысқан оқушы саны	Сауалнамаға қатыспаған оқушылар саны	Сауалнама нәтижесі бойынша «тәуекел топтағы» оқушы саны	Сұхбат нәтижелері бойынша анықталған оқушылар саны
1	№37 ОМ	160	160	-	0	0

Ақпан айында «Мен өмірді бағалаймын» тақырыбында 7-8 класс оқушыларымен психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату мақсатында психологиялық сағат жүргізілді.

Наурыз айының 1-і күні Алғыс айту күніне орай 1-11 сыныптар аралығында «Ұстазыма мың алғыс» челленджі өткізілді.

Сәуір айында «Білім алушылардың эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар» тақырыбында оқушылардың алға қойған мақсаттарына жетуге мүмкіндіктерді пайдалана білуге қоғаммен және қоршаған ортамен жақсы қарым қатынасқа түсуге баулу мақсатында психологиялық сұхбат жүргізілді. 9-11 класс оқушыларына кәсіптік бағдар беру бойынша «Өмір- дархан дария» тақырыбында психологиялық сағат өткізілді. Мақсаты: оқушыларға өзінің қабілетін, белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтауына, соның негізінде мамандықты дұрыс таңдауына көмек беру. Қорқыныш, үрейді жеңу мақсатында оқушылармен қызықты тренингтер де өткізілді. Мамыр айында оқушылардың жазғы демалысқа кету жағдайына байланысты «кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің, ерте жүктіліктің, оларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын-алу» бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Әрбір сабақ соңында жекелей ойын білдіріп, кеңес сұрайтын оқушылар да кездесті. Оларға үнемі қолдау көрсетіп, кеңестер мен ұсыныстар беріліп отырады.

2022-2023 оқу жылына №37 орта мектеп психологының «Кәмелетке толмаған оқушыға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу» бойынша жұмыс жоспары құрылып, жоспар бойынша мектептің ер балалары және қыз балаларымен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Жыл басынан бері жүргізілген жұмыстарды атап өтетін болсақ:

- Қыркүйек айында Қиын жағдайға тап болған балаларға «ЖОҚ» деп айтуды үйрен» тақырыбында жадынамалар дайындау, «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі» туралы ақпарат беру. Мақсаты: Оқушыларға келеңсіздікті алдын-алу бойынша, қиын жағдайға тап болған жағдайда кімнен көмек ала алатындығын ескерту;

- 9 қыркүйек күні «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы психологиялық кеңестер» 9-11 сынып ер балаларына жүргізілді.

- 7 қазан күні 7-11 сынып қыз балаларымен «Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында қыздар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: оқушыларға салауатты өмір салтын сақтау және де өмірді мәнді де сәнді өткізу үшін әр уақытты тиімді, әрі белсенділікпен өткізуді ұғындыру.

- 10 қазан күні 8-11 сынып қыз балаларымен Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы тақырыбында қыздар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ғылымның барлық

бағыттарында интеллектуалды қабілеттерін дамытып, шығармашылық іс-әрекеттерге дайын қыз балалар тұлғасын қалыптастыру.

-19 қазан күні «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында 7-8 сынып қыз балаларымен қыздар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл жүріс-тұрыс дағдысы туралы мағлұмат беру.

-10 қарашада «Әдеп ең қымбат мирас» тақырыбында 7-8 сынып ер балаларымен жиналыс өткізілді. Мақсаты: балалардың өмірге қажетті білік-дағдыларын тереңдете отырып, ұлттық әдет-ғұрыппен салт-дәстүрге баулу. Үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу тәрізді әдептілік қағидаларын меңгерту арқылы имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

24-қарашада «Талғам мен тәрбие» ер балалармен және қыз балалармен профилактикалық жұмыс оқушыларды киіну әдебімен таныстыру, киім киюге қатысты жағдаяттарды талдай отырып, киіну ережелерін үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу;

28-қараша күні «Әлеуметтік желідегі сауаттылықты сақтайық» Оқушылардың әлеуметтік желідегі сауаттылығын арттыру, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және өз өміріне қауіп төндіретін ойындар мен бейтаныс адамдармен сөйлесуден сақтандыру ережелерін таныстыру.

-19 желтоқсанда «Жыныстық қатынастан берілетін аурулар, жүктілікті болдырмау контрацепция жолдары» дәріс-презентация сабағы жүргізілді.

22 желтоқсан күні 9-10 класс оқушыларына әлеуметтік желідегі Кибербуллингтің алдын алу мақсатында психологиялық сағат өткізілді. Оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

23-қаңтарда "Мен таңдаған сара жол" Оқушылардың бойындағы көңіл-күйді тұрақтандыру, жағымсыз әрекеттерін түзету; эмоциялық күйзелісті сейілту, Танымдық қабілеттерін дамыту. Достық қарым-қатынасты нығайту, ұжыммен бірлесіп жұмыс жасауға үйрету;

-30 қаңтарда 9-11 сынып қыз балаларына «Қызға қырық үйден тыю» психологиялық сағат өткізілді. Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл жүріс-тұрыс дағдысы туралы мағлұмат беру.

14-ақпан күні «Мен өмірді бағалаймын» Өзіндік жүйелі дамуына әсер ету, эстетикалық көзқарастарын дамыту. Шын адал достыққа баулу. «Махаббат» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Адам бойындағы махаббат сезімін құрмет тұтуға баулу болатын;

3-наурыз күні «Жат қылықтың қыз тағдырына әсері» қыз балалармен профилактикалық жұмыс 5-8 класс оқушыларымен. Жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, адамгершілікті, жан сұлулығы мен сұлулығын қатар алып жүре алатын, өзінен кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілік ұғымын түсінген қыз баланың тұлғасын қалыптастыру.

10 - наурызда «Виртуалды әлемдегі менің бейсанам» Оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру;

07 сәуірде «Құқық бұзушылықты алдын-алу» ер балалармен профилактикалық жұмыс Мектеп инспекторы А.Муханбетказинаның қатысымымен мектепке тыйым салынған заттар бойынша оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді;

17 сәуірде «Қызғалдақ» қыздар клубымен бірлесе отырып «Пайдалы кеңестер» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.



Мамыр айында сұраныс бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Жыл бойы мектеп оқушыларының ата-аналарына жалпылай және жекелей психологиялық кеңестер мен ұсыныстар беру жұмыстары үздіксіз жүргізілді.

Жоспар бойынша жүргізілетін жұмыстар өз жалғасын табады, соның ішінде:

- Ата-аналармен, сынып жетекшілермен тығыз байланыста болу;
- Жас жеткіншектермен соның ішінде қиын оқушылармен жақын қарым-қатынас орнату, оларды әр түрлі іс шараларға қатыстыру;

Қорытынды: суицидті алдын-алуға байланысты жүргізген жұмыстардың есебі қанағаттанарлық деп есепке алынсын.

Ұсыныс: Каникул уақытында да оқушылармен қашықтықтан байланыс жұмыстары ұйымдастырылып, психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілсін.

2023-2024 оқу жылында № 37 орта мектеп психологының жүргізген жұмыстары.

Оқушылардың психо-эмоционалдық көңіл-күйін, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын, зейінін шоғырландыруын, үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігін диагностикалау.

Міндеттері:

- ▶ Тест «Мектепке келгендегі оқу қабілетін зерттеу»
- Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау
- Балалардың таным процесін зерделеу. «Үлгі бойынша суретті сал», «Нүктелерді жалғастыр» әдістемелері.
- Оқушының үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігі, құрбыларымен қарым-қатынасына бақылау.
- Ата-ананың қаншалықты дәрежеде балаға көмектесуін анықтау

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында 1 «а» сыныбында 21 оқушы, 1 «б» сыныбында 20 оқушы, 1 «б» сыныбында 21 оқушы болды. Оқушылар мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы жақсы жағдайда. 1 сынып оқушылары 100% ыстық тамақпен қамтылған.

Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл-күймен келеді. Сынып жетекшісі оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.

Сынып жетекшілері сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, сабақ барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізіледі. Ата-ана тарапынан үйдегі оқытуға қадағалу бар.

Қыркүйек-қазан айларында бірінші сыныптардың бейімделуін диагностика жұмыстары психолог тарапынан жүргізілді. Оқушылардың мектепке бейімделуі калыпты жағдайда деген қорытынды жасалды.

Қыркүйектің 11 күні 1 сынып оқушыларымен тренинг өтті.
Мақсаты: Білім алушылардың мектепке бейімделуін бақылау. Психологиялық көмек беру. Барлық оқушылар сабаққа жақсы көңіл күймен келетіндіктері байқалды. Сынып оқушыларының мұғаліммен, бір-бірімен қарым-қатынастары жақсы.

Күні: 10.10.2023

Сынып: 1 «а», 1 «ә», 1 «б»

Түрі: диагностика


Мақсаты: Оқушылардың мектептегі оқуға дайындығын тексеру.

Қазан айында 1 «а» сынып оқушыларынан Керн-Йерасек тесті алынды. Онда оқушылар «Ер адам суретін салу», «Әріптерді көшіріп салу», «Нүктелер көшірмесі» әдістері алынды.

Қатысқандар саны: 62

Қатыспағаны: 0

Мектеп	Сынып	Оқушылар саны	Жоғары	Орташа	Төмен
№37 орта мектебі) КММ	1 «А»	21	8	10	3
	1 «Ә»	20	11	7	2
	1 «Б»	21	5	12	3



«Менің сыныбым» әдістемесі

Күні: 03.10.2023ж

Сынып: 1 «а», «ә»

Қатысқаны: 56

Қатыспағаны: 5

Түрі: диагностика

Тақырып: «Менің сыныбым»

Мақсаты: Сынып оқушыларының қарым-қатынасын анықтау.

№	Сынып	Оқушылар саны	Сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтар бар	Бейімделуі жақсы	Мұғалімнің маңыздылығы ерекше	Ойын позирясына жақын
1	1 «А»	21	6	10	3	1
2	1 «Ә»	20	2	13	2	0
3	1 «Б»	21	2	14	2	1

Қорытынды: Сынып оқушыларына кеңес берілді. Сыныпта тату, жақсы ұйымшыл, достық қарым-қатынас жасау.

Ұсыныс: Сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушыларды мұғалім үнемі назарда ұстап, ортаға тартып, қадағалап отыруы қажет. Ата-аналарда үйде балаларын сыныпта татулыққа шақырып, кеңес беру.

Ұжымға үйренбеген және оқуға құмарлығы төмен оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді. «Танысу», «Сабақ және үзіліс», «Мектепке саяхат» т.б. жаттығулар өткізіліп, «Мен және менің жанұям» т.б. жобалау әдістемелері алынды.

29 қыркүйек күні 1 сынып ата-аналарына кеңестер ұсынылды.

Мақсаты: бейімделу кезінде балаға ата-ана тарапынан қолдау көрсетудің жолдарын ұсыну.

11 қыркүйек күні 1 «а», «ә», «б» сыныптарына «Кел танысайық, дос болайық» атты тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың мектепке бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету.

19 қыркүйек күні 1-4 сыныптарына «Буллинг және кибербуллинг» туралы оқушыларға кеңес беру, ақпараттандыру жұмысы жүргізілді.

25 қыркүйек күні МАД тобымен жұмыс жүргізілді. Мақсаты: МАД тобының мектепке дайындығын анықтау. Оқушылардың сөздік қорларын тексеру: Сыныппен кездесу барысында оқушыларға сұрақтар қойылды. Сұрақтар арқылы баланың сөздік қорын, әріптерді, сөздерді қаншалықты толық айта алатындары анықталды. Сыныптың барлық оқушыларына өз ойларын ашық айту үшін жиі сұрақтар қою және қолға арналған

жаттығулар жасату, ірі-ұсақ қол моторикасын дамыту. Ермексазбен жұмыс, жабыстыру, құрастыру, қарындашпен үлгі бойынша суретті бояу тапсырмаларын беру ұсынылды.

05 қазан күні 3 «а», «ә» сыныптарына «Менің достарым» тренинг өтті.

Мақсаты:

1. Менің достарым сөзінің маңыздылығын түсіндіру.
2. Достық, сыйластық туралы әңгімелету арқылы зейінін, есте сақтау, ойлау қабылдау қабілеттерін дамыту.
3. Сыйластық, татулық туралы түсінігін кеңейту қамқорлық жасауға үйрету.

Тренингке оқушылар белсенді қатысты.

13 қазан күні 1 «а», «ә», «б» сыныптарына «Көңіл-күй» атты тақырыпта тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйін көтеру балалардың икемділігін анықтап, қызығушылығын арттыру.

Оқушыларға ой қозғау мақсатында берілген сұрақтарға өздерін еркін, ойларын ашық жеткізе отырып сабаққа қызығушылықпен қатысты.

Қазан айында 2 сыныптан «Менің сыныбым» әдістемесі алынды.

Мақсаты: Сынып оқушыларының қарым-қатынасын анықтау.

17 қазан күні МАД тобымен түзету-дамыту сабағы жүргізілді.

Мақсаты: МАД тобының мектепке бейімделуіне қолдау көрсету, танымдық қабілеттерін түзету, дамыту, коммуникациясын жақсартуға арналған ойын-жаттығулар өткізілді.

18 қазан күні 2-4 сынып оқушыларына «Қорқынышты қалай жеңемін?» кеңес, ұсыным және «Қорқынышынды суретте» тренинг жаттығулары өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға қорқыныш сезімі туралы мағлұмат бере отырып, түрлі жаттығулар арқылы бойындағы қорқыныш сезімдерін жою: өзара қарым-қатынастарын нығайту.

Қараша айында бастауыш сынып оқушыларына «Қабілет және дарындылық» кеңес, ұсыным, жаттығулары өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға қабілет, дарындылық ұғымдарын түсіндіру. Өз бойларындағы қабілеттерін анықтап, қолдануға бағыт-бағдар беру.

17 қараша күні 3 «а», «ә» сыныптарына «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» атты тақырыпта тренинг өткізілді. Оқушыларға ой қозғау мақсатында берілген сұрақтарға өздерін еркін, ойларын ашық жеткізе отырып сабаққа қызығушылықпен қатысты. Тренинг қызықты және әсерлі өтті.

Қараша айында 3-4-ші сыныптардың психологиялық даму ерікшеліктері зерттелді, статистикалық портреті жасалды. Психологиялық дамуыту-түзету сабақтары жүргізілді.

Қараша-желтоқсан айларында 2-4 сыныптардан «Баспалдақ» әдістемесі (В.Г.Щур) алынып, қорытындысы шығарылды.

Қараша айының 15-17-сі күні 1-4-ші сыныптың ата-аналар жиналысында «Отбасы-бақыт бесігі» атты тақырыпта сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: Ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру.

Ата-аналарға түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді, кеңестер берілді.

Желтоқсан айында 4 «а», 4 «ә» сыныптарына «Биік шың!» атты тақырып тренинг жаттығуы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. Шапшаңдыққа, жинақылыққа дағдыландыру. Мақсатқа жету барысында жауапкершіліктерін жетілдіру, күшіне деген сенімін арттырып, үлкен жетістіктеріне жетуге тәрбиелеу. Барлық оқушылар бұл тренингке белсене ат салысып қатысты. Көңіл – күйлері көтеріліп, жағымды психологиялық атмосфера орнады. Жаттығулар орындау барысында белсенділік танытты.

12 желтоқсан күні Қорқыныш-қатерлі жағдаяттарда туындайтын қауіп, қолайсыз эмоция. Қорқыныш-бір нәрседен жүрексініп сескенгенде, шошығанда пайда болатын сезім, қауіп-қатер, үрей. Бастауыш сыныптарына қорқыныш тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға қорқыныш сезімі туралы мағлұмат бере отырып, түрлі жаттығулар арқылы бойдағы қорқыныш сезімдерін жою; өзара қарым-қатынастарын нығайту.

16 желтоқсан күні 4 «а», 4 «ә» сыныптарына «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді. Сонымен қатар «Балаларымызды қорғайық» жаднама «WhatsApp» желісі арқылы ата-аналар чатына жіберілді.

Желтоқсан айының 25-26 – сы күні 4 «а», 4 «ә» сыныптарына «Табиғатта кездеспейтін жануар» әдістемесі алынды. **Мақсаты:** Отбасында қалыптасқан қарым-қатынас ерікшеліктерін анықтау.

26 желтоқсан күні 2 «а», «ә», «б» сынып оқушылармен түзету-дамыту жұмысы жүргізілді. Балалардың естіп есте сақтау жолдарын дамыту үшін бірнеше жаттығулар өткізілді.

26 желтоқсан күні оқушылардың интеллектуалдық дамуын зерттеу мақсатында бастауыш сынып оқушыларымен диагностикалық жұмыс жүргізілді. Кездесу соңында оқушылармен ойын-жаттығулар өткізілді.

Ақпан айының 10-11-і күндері 1-4 сыныптың ата-аналар жиналысында «Әрбір бала-жарық жұлдыз» атты тақырыпта сабақ өткізілді. **Мақсаты:** Әр баланың ерікше қырларын ашуға ата-ана тарапынан қолдау көрсетудің жолдарын ұсыну. Ата - аналарға кеңестер ұсынылды, «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?» атты тақырыпта ойын жаттығулары жүргізілді. Ата-аналардан өз баласының темперамент анықтау мақсатында тест алынды.

09 ақпан күні 4 «ә» сыныбына «Дос болайық бәріміз!» психологиялық сабақ өткізілді. **Мақсаты:** Оқушылардың арасындағы жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлау, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту.

16-17 ақпан күні 2-3 сыныптарына жоспар бойынша «Алақан, табан іздері» жаттығулары өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларды шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Наурыз айында 4-ші сыныптардың орта буынға сабақтастығы зерттелді. Зерттеу, бақылау жұмыстары арқылы оқушылардың танымдылық даму деңгейін анықтауға арналған әдістемесі, оқу мотивациясын анықтау» әдістемесі, социометрия әдістемесі қолданылды.

Қорытындысы шығарылып, психокөңес жұмыстары ұйымдастырылды. Орта буын мен бастауыш сыныптың сабақтастығы, таным қабілеттерін дамыту түзету-дамыту сабақтары өткізілді.

Мақсаты: 4-сынып оқушыларының оқу мотивацияларын көтеру, орта буынға көшудегі қиындықтардың алдын алу. Таным қабілеттерін дамыту.



5- сынып оқушыларының бейімделуі бойынша, «Оқу мотивациясын анықтау» сауалнамасы, Н.Г.Лусканова диагностикасы қолданылған болатын. Нәтижесі бойынша мектепке жаңа сыныпқа бейімделуі қалыпты екені анықталды.

Мектеп	Класы	Кластағы барлық балалар саны	Жоғарғы деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
№37 ОМ	5 «А» класс	20	16	4	0
	5 «Ә» класс	19	14	5	0
	5 «Б» класс	17	11	6	0

Ұсыныстар: Алынған диагностикалар туралы ақпаратты класс жетекшілерге беріп отыру.

10 класс оқушылары тәртібінің себебін анықтау үшін, оқу мотивациясын зерттеуге арналған «Лусканова» сауалнамасы алынды.

Мектеп	Класы	Кластағы барлық балалар саны	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
№ 37 ОМ	10 класс	25	14	11	0

Ұсыныстар: Алынған диагностикалар туралы ақпаратты класс жетекшілерге беріп отыру.

Жоспарға сәйкес оқушылардың бойындағы мазасыздық, депрессия, стресс күйлерін анықтау үшін әр тоқсанға сауалнамалар мен профилактикалық жұмыстар қойылған болатын.

I тоқсанда 8-11 класс оқушылары арасында «Басса дарки» сауалнамасы алынды, оқушылардың қастандық, агрессия деңгейін анықтау мақсатында. Нәтижесінде оқушылар жақсы деңгейді көрсетті.

II тоқсанда қазан айында 8-11 класс оқушылары аралығынан «DASS» сауалнамасы алынды. Нәтижесі төмендегідей:

8-11 кл оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Қатыспаған оқушылар саны	Сауалнама нәтижесі бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушы саны.	Келісім бермегенде р
178	178	0	0	0

Сауалнама толтыру барысында оқушылар арасында ерекше көзге түскен, яғни сұрақтарды қайталап мазасызданып отырған оқушылармен жеке сұхбат жүргізу мақсатында кеңес алуға шақырған болатынын, мазасыздық анықталған оқушылар болған жоқ.

Ақпан-наурыз айларында 8-11 класс оқушыларынан «Спилберг» сауалнамасы алынды. Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйін бақылау. Сауалнама нәтижесі төмендегідей нәтижені көрсетті. Шамадан тыс қобалжуы бар оқушылармен жекелей сұхбаттасу арқылы олардың деңгейінің қалыпты екендігі байқалды. Класс оқушыларымен түгел оқушылардың бойында жағымды психологиялық көңіл-күй тудыру үшін «Шеңберден шық», «Қол ұста», «Мен кімін?», «Мен өмірді сүйемін» тренинг жаттығулары жүргізілді.

№	Мектебі	Барлық оқушы саны	Қатысқан оқушы саны	Сауалнамаға қатыспаған оқушылар саны	Сауалнама нәтижесі бойынша «тәуекел топтағы» оқушы саны	Сұхбат нәтижелері бойынша анықталған оқушылар саны
1	№37 ОМ	160	160	-	0	0

Ақпан айында «Мен өмірді бағалаймын» тақырыбында 7-8 класс оқушыларымен психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату мақсатында психологиялық сағат жүргізілді.



Наурыз айының 1-і күні Алғыс айту күніне орай 1-11 сыныптар аралығында «Алғыс айту парызым!» тақырыбында челленджі өткізілді.

2023-2024 оқу жылында кәмелетке толмаған оқушыға қатысты зорлық зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу бойынша жұмыс жоспары құрылып жұмыстар жүргізілді. Қиын жағдайға тап болған балаларға «оқоқ» деп айтуды үйрен тақырыбында жадынамалар таратылып, «Сенім» телефоны, «Сенім жәшігі» туралы ақпарат берілді. «Баланы қорлау-қоғам қасіреті, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында пікірсайыс, «Бақытты балалық шақ» сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Жыныстық қатынастан берілетін аурулар, жүктілікті болдырмау», «Ерте жүктіліктің салдары» тақырыптарында жоғарғы сынып қыз балаларымен кездесу өткізілді. «Жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары» жоғарғы сынып оқушыларымен дәріс сабақтары уақытылы жүргізіліп отырды.

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жоспар құрылып, мектеп қыз балаларымен уақытылы психологиялық сағаттар, №3 қалалық емхана дәрігерімен кездесулер өткізіліп тұрды.



2023-2024 оқу жылында ата-аналармен жүргізілген жұмыстар

Оқу жылы басында жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. 1-5 класс оқушыларының бейімделуіне байланысты ата-аналар жиналысы өткізіліп, кеңестер берілді. Сіз қандай анасыз? сауалнамасы алынды. Буллинг, кибербуллинг туралы түсінік тақырыбында ата-аналарға ақпарат беру жұмыстары жүргізілді.



2023-2024 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Баланы жәбірлеудің (буллинг) профилактикасы қағидаларын бекіту» туралы 21.12.2022 жылғы № 506 бұйрықты негізге ала отырып психологиялық қызметтің мектептегі буллинг, кибербуллинг, құқықбұзушылық тақырыбына арналған іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар уақытылы жүргізіліп отырды. Жасөспірім кезеңінде кездесетін буллинктің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту мақсатында 5-6 класс оқушыларына «Буллинг деген не? Кибербуллинг туралы түсінік» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Дәл осындай тақырыппен 7-8 класс оқушыларына өткізілді. Сынып сағатына барлық класс оқушылары белсене ат салысып қатысты. «Қауіпсіз ғаламтордың маңыздылығы қандай?» тақырыбында 9-10 класс оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты: жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу. 6-8 класс оқушыларына «буллинг және оған қарсы тұру» тақырыбында психологиялық сағат ұйымдастырылды. Мақсаты: жасөспірім кезеңінде кездесетін буллинктің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту. Сонымен қатар, мектеп буллингінің алдын алу бойынша жаттығулар мен ойындар ұйымдастырылды. 9-11 класс оқушыларынан буллингке байланысты анонимді түрде сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды.



2023-2024 оқу жылында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын, Ақтөбе облысының білім басқармасының №2/4423 хатына, Ақтөбе қалалық білім бөлімінің 10.10.2023 ж. №03.03/2181 хатына сәйкес №201 бұйрық шығарылды. Мектептен жоспар құрылып, жоспарға сәйкес жұмыстар өз деңгейінде жүргізілді.



2023-2024 оқу жылындағы қыз балалармен және ер балалармен жүргізілген жұмыстар: 7-8 класс оқушыларымен «Ұл бала мен қыз бала сыйластығы» тақырыбында оқушылармен психологиялық сағат жүргізілді. Мақсаты: ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық туралы түсінікті қалыптастыру, оқушылардың өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту. Оқушыларға салауатты өмір салтын сақтау және де өмірді мәнді де сәнді өткізу үшін әр уақытты тиімді өткізу мақсатында 9-11 класс оқушыларымен «Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында психологиялық сағат ұйымдастырылды. 6 класс

оқушыларымен «Өмір қымбатсың маған!» психологиялық сағат ұйымдастырылды. Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік қасиеттерін таныта білу мақсатында 7-8 класс қыз балаларымен «Қыз болашағы – ел болашағы» тақырыбында психологиялық сағат ұйымдастырылды. Ер балалардың өмірге қажетті білік-дағдыларын тереңдете отырып, ұлттық әдет-ғұрыппен салт-дәстүрге баулу, сәлемдесу, қонақ күту, үлкенге құрмет көрсету кішіге қамқор болу тәрізді әдептілік қағидаларын меңгерту арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, адамгершілікке баулу мақсатында «Әдеп-ең қымбат мирас» тақырыбында психологиялық сағат өткізілді. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 7-8 класс, 9-11 класс оқушыларымен «Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында №3 қалалық емхана дәрігері Каирова Роза мен кездесу өткізілді. Сұраныс бойынша жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Мамыр айында сұраныс бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Жыл бойы мектеп оқушыларының ата-аналарына жалпылай және жекелей психологиялық кеңестер мен ұсыныстар беру жұмыстары үздіксіз жүргізілді.

Қауіпсіз ғаламтор жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар:

Оқу жылының басында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында бұйрық шығарылып «Қауіпсіз ғаламтор» жобасы бойынша жылдық жоспар құрылды. Жобаның әлеуметтік деңгейі: жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау. Жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ, қыркүйек айында 5 класс оқушыларымен «Буллинг туралы түсінік», «Кибербуллинг» психологиялық сағат жүргізілді. Мақсаты: жасөспірім кезеңде кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту. Оқушылар арасында буллингтің алдын алу. Қазан айында 5-9 класс ата-аналарымен Отбасылық дәстүрлер «Баланың басты ұстазы-ата-анасы», «Позитивті тәрбие» тақырыбында жиналыстар жүргізілді. Мақсаты: әрбір ата-ана баланың өміріне үлкен жауапкершілікпен қарау. Барлық ата-аналар жиналысқа қызығушылықпен қатысты. Топтық сабақтар, тренингтер, ойындар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, 9-11 класс ер балаларына Әдеп – ең қымбат мирас тақырыбында профилактикалық сабақ жүргізілді. Мақсаты: балалардың өмірге қажетті білік-дағдыларын тереңдете отырып, ұлттық әдет-ғұрыппен салт-дәстүрге баулу, сыйластыққа, үлкенге құрмет көрсетуге, кішіге ізет көрсетуге баулу. Желтоқсан айында 9-10 класс оқушыларымен Қауіпсіз ғаламтордың маңыздылығы қандай? тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың ғаламторда отырғанда сақ болуға шақыру. Балалардың ойнайтын ойындары немесе олар орнатқан қарым-қатынас қауіпті болуы мүмкін, оның орнына сабаққа қатысты мәліметтерді қарауға кеңестер беру. Қаңтар айында 5-9 класс ата-аналарымен «Бұлақ көрсең көзің аш» баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту тақырыбында ата-аналар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: ата-аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру. Ақпан айында «Қауіпсіз деп ойлама, ғаламтормен ойнама» тақырыбында 6-7 класс оқушыларымен сурет көрмесі ұйымдастырылды. Наурыз айында 5-9 класс ата-аналарына «Отбасы құндылықтары» тақырыбында жиналыстар жүргізілді. Сәуір айында «Жасөспірімдер арасындағы буллинг немесе кибербуллинг» тақырыбында сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды. Мақсаты: жасөспірімдер өміріндегі буллинг, кибербуллинг пен қорқыту, мектептегі буллингті анықтау және алдын алу.

Мамыр айында «Виртуалды әлемдегі менің бейсанам» тақырыбынд 9-11 класс оқушыларымен психологиялық сағат ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру.



Жоспар бойынша жүргізілетін жұмыстар өз жалғасын табады, соның ішінде:

- Ата-аналармен, сынып жетекшілермен тығыз байланыста болу;
- Жас жеткіншектермен соның ішінде қиын оқушылармен жақын қарым-қатынас орнату, оларды әр түрлі іс шараларға қатыстыру;

Мектеп директоры

Мектеп психологы



А.С.Назиков

Г.Қ.Мұханғалиева

Г.С.Умирбаева